

Мәскеу және бүкіл Русь Патриархы Кириллдің
архипастырларға, пастырларға, диакондарға монах қызметіндегілерге және Орыс
Православие Қауымының
барлық сенімді балаларына Рождестволық жолдауы

Аса Қасиетті архипастырлар, аса құрметті пресвитерлер мен диакондар тақуа
иноктар мен инокинялар, қымбатты аға-інілер мен әкпе-қарындастар!

Осы киелі түні шын жүрекпен барлықтарыңа сәлем беріп, адам баласының құтқарылуының көне уәдесінің орындалуы мерекесімен, Тәңірдің Өзінің жаратуына деген айтуға сөз жетпейтін махаббатының мерекесімен, дүниеге Құдай Ұлы Мәсіктің келуі мерекесімен – ұлы Христос Рождество мерекесімен шын ниетпен құттықтаймын.

Өткен ғасырларда әулие әкелеріміз Құдайдың адам болғаны құпиясы жайында көп нәрселер айтты. Енді біз де, олар сияқты қауымның мінажаттарының және әндерінің сөздерін тыңдап, Қасиетті Жазудың осы оқиға туралы жазған тақырыбын құрметпен тыңдап, осы керемет құпияға таңданамыз.

Киелі монах Симеон Новый Богослов Христос Рождествосы жайында ойлана былай деп жазды: «Құдай дүниеге келіп, <...> Құдай табиғатын адам табиғатымен біріктірді, адамның құдай болуы үшін, және осы құт берекемен құдай болған адамға құпиялы Ең Киелі Үшім орнауы үшін (10 сөз). Ал киелі монах Ефрем Сириин Құдайдың адам болғаны жайында былай дейді: «Енді Құдай Өзіне адамның мөріні басты, адам баласының Құдайдың мөрімен әрленуі үшін» (Христос Рождествосында айтылатын ән).

Осы дана сөздерді тыңдай отырып, өзімізге сұрақ қойайық: қандай тәсілмен біз осы Құдайдың мөрімен әрлене аламыз? Дүниенің жаралуында әр адам шақырылған, біздің Құдайға ұқсас болуымызға қандай тәсілмен жете аламыз? Біздің өміріміздің Христостың өміріне ұқсастық болуы үшін қандай өмір кешіруіміз қажет? (Гал. 4, 19). Жауап оңай: Құтқарушының өсиеттерін орындайық. Апостол Павелмен қыбаттыларым барлықтарыңа: *«бір-бірлеріңнің ауыртпалықтарын көтеріңдер, сөйтіп Христостың өсиеттерін орындайсыңдар»* (Гал. 6, 2) – деймін. Барлығын махаббатпен істеңдер – сонда, жандарыңның тыныштығын табасыңдар. Кең пейілдікпен барлығына қолқорлық көрсетіңдер – сонда, сендердің жүректерінде қуаныш орнайды, оны *«сендерден ешкім тартып ала алмайды»* (Ин. 16, 22). *«Шыдамдылықпен жандарыңды құтқарыңдар»* (Лк. 21, 19) – сонда мәңгі өмірге ие боласыңдар.

Біз христиандардың басқаларды жоғары адамгершілік мұраттарды орындауға шақырып қана қоймай, алдымен осы мұраттарды өзіміз күнделікті өмірімізде, бірінші кезекте жақынымызға қызмет ету арқылы орындауға талпынуымыз қажет екені маңызды. Сонда Құдайдың мейірімділігімен өзімізде тынның: *махаббат, қуаныш, тыныштық, зор шыдамдылық, қайырымдылық, мейірімділік, сенім, жуастық, ұстамдылық* (Гал. 5, 22–23) сияқты шын жемістері болады.

«Махаббатқа және игі істерге бір-бірімізді ынталандырып, бір-бірімізге ілтипатты болайық» (Евр. 10, 24). Жанжал мен бөлінуді жеңе, біз дүниеге, дүниеге келген Құтқарушы жайында ең иналымды уағыз айтып, православие сенімінің таңғаларлық әсемдігін және рухани күшін ісімізбен куәландырамыз.

Біз 2017 жылға қадам бастық. Ұлы көпұлтты елді ақылсыздық азамат соғысына душар еткен, балалардың әке-шешесіне қарсы шыққан, бауырлар бауырларына қарсы шыққан, Ресейдің өмірін өзгерткен радикалдық **оқиғалар** бізді тура жүз жыл ажыратады. **Біздің елдің басынан кешкен сол шығындары мен азалықтары**, мыңжылдық мемлекеттің құлауының және адамдардың діндік сенімдеріне қарсы күрестің және қоғамның терең жікке бөлінуінің алдын-ала анықталуы болды.

Біз Орыс Қауымының жаңа азапкерлері мен куәландырушыларының ерліктерін кастерлікпен еске алып, олардың мінажаттарымен Құдай Ие біздің елімізді қиындыққа қалдырмай, ең үрейлі соғысты жеңуге, елді қалпына келтіруге, таңғаларлық жетістікке жетуге, оған ұлы еңбектер мен жауынгерлік ерліктерді іске асыруға күш бергеніне сенеміз.

Құдай Иенің әлемге әкелген кереметтері үшін – біздің елімізде сенімнің тірілгені үшін, ділшілдіктің келгені үшін, қиратылған аса қасиетті заттардың қалпына келтірілгендіктері үшін, адамдардың жүректерінде терең өзгерістерді білдірген жаңа құрылып жатқан храмдар мен монастырлар үшін шын жүрегімізбен Оған алғысымызды айтамыз.

Біздің өміріміздің соңғы онжылдықтарында көптеген қиындықтар мен сынақтар болды және әлі де бар. Бірақ олардың бәрі уақытша, сондықтан да қоршынышты емес. Өткен ғасырдың тәжірбиесі бізге көп нәрсе үйретті және көп нәрседен сақтандырады.

Құтқару жолында қорқынышсыз алға қадам басайық, *өйткені Құдай бізбен бірге*. Сенімге беріктенейік, *өйткені Құдай бізбен бірге*. Үмітке нығаяық, *өйткені Құдай бізбен бірге*. Махаббатқа өсіп, игі істерді істейік, *өйткені Құдай бізбен бірге*.

Барлық үмітімізді Құдай Иеге жүктейік, өйткені Ол *«мәңгі қорған»* (Ис. 26, 4), және, апостол Петрдің куәлігі бойынша, *«басқа ешкімде құтқарулық жоқ»* (Деян. 4, 11). Христостың жарығы біздің өмірлік жолымызды әр қашанда жарықтандырып, және осы жол Құдай Иенің Оны сүйетіндерге дайындап қойған Аспан Патшалығына жеткізсін.

Бүгін, әр елдерде, қалаларда, ауылдарда өмір сүрген, бірақ бір Христос Қауымын құраған барлықтарыңмен бірге рухани қуана, әр қайсыларыңа ғибадатпен жанның және тәннің саулығын, отбасыларыңда татулық, еңбектеріңе табыс тілеймін. Вифлеемде дүниеге Келген Құдай Ие және Құтқарушы әр қайсымызға жаңа күшпен және жан жүрегімізбен біздің өмірімізде Оның болуына мүмкіндік берсін.

Аумин.

МӘСКЕУ ЖӘНЕ БҮКІЛ РУСЬ ПАТРИАРХЫ

Христос Рождествосы

2016/2017 жылдар